

**Қазақстан Республикасы экономикасының стратегиялық салаларындағы басқару тиімділігінің мониторингіне жататын жекешелендірілген ұйымдардың тізбесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 5 тамыздағы N 872 Қаулысы.  
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.07.30. N 810 қаулысымен

"Қазақстан Республикасы экономикасының стратегиялық салаларындағы жекешелендірілген ұйымдарды басқару тиімділігінің мониторингі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 3 мамырдағы N 491 қаулысына сәйкес экономикалық қауіпсіздікті және Қазақстан Республикасы экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы экономикасының стратегиялық салаларындағы басқару тиімділігінің мониторингіне жататын жекешелендірілген ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 2                      ж ы л ғ ы                      5                      т а м ы з д а ғ ы  
N                      8 7 2                      қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы экономикасының стратегиялық салаларындағы басқару тиімділігінің мониторингіне жататын жекешелендірілген ұйымдардың тізбесі**

---

Р/с N	Кәсіпорындардың атауы	Аймақ, облыс	Мемлекеттік пакет, %
----------	-----------------------	-----------------	-------------------------

---

Кен-металлургия саласы

1.	"Қазақстан алюминий" ААҚ	Павлодар	31,76
----	--------------------------	----------	-------

2. "Испат-Қармет" ААҚ	Қарағанды	-
3. "Қазхром" ТҰК	Ақтөбе	31,37
4. "Қазақмыс" корпорациясы	Қарағанды	24,66
5. "Соколов-Сарыбай КБӨБ" ААҚ	Қостанай	39,5
6. "Өскемен титан-магний комбинаты" ААҚ	Шығыс Қазақстан	15,5
7. "Богатырь Аксесс Көмір" ЖШС	Павлодар	-
8. "Шұбаркөл разрезі" ААҚ	Қарағанды	-
9. "Қазмырыш" ААҚ	Шығыс Қазақстан	27,64
Мұнай-газ саласы		
10. "Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ	Маңғыстау	-
11. Харрикейн Құмкөл Мұнай ("Оңтүстікмұнайгаз" МАҚ)	Қызылорда	-
12. "Шымкентмұнайоргсинтез" ААҚ	Оңтүстік Қазақстан	-
13. "Қаражанбасмұнай" ААҚ	Маңғыстау	-
14. "СНПС-Ақтөбемұнайгаз" ААҚ	Ақтөбе	25,12
Энергетика саласы		
15. "АЕС Екібастұз" ЖШСМ (ГРЭС-1)	Павлодар	-
16. "Еуразия энергетика корпорациясы" ААҚ	Павлодар	25,18
Көлік-коммуникация саласы		
17. "Қазақтелеком" ААҚ	Алматы қаласы	50
Машина жасау саласы		
18. "Алматы ауыр машина жасау зауыты" ААҚ	Алматы қаласы	31,9